

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
ҚАУЛЫСЫ**

2020 жылғы «21» желтоқсан

Нұр-Сұлтан қаласы



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ  
ПРАВЛЕНИЯ**

№ 145

город Нур-Султан

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының  
инвестициялық декларациясын бекіту туралы»**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі  
Басқармасының 2020 жылғы 24 ақпандағы  
№10 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқаруды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық декларациясын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 24 ақпандағы қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

3 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы қаулы Инвестициялық декларацияның 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін 27-тармағын және Инвестициялық декларацияға 2-қосымшаны қоспағанда, қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық декларациясында:

20-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) зейнетақы активтерінің 5 (бес) пайызынан аспайтын мөлшерде бағалы қағаздармен РЕПО операциялары;»;

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«23. РЕПО операциялары ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында ең төмен кредиттік рейтингі «ВВ-»-тан төмен емес мемлекеттік және (немесе) мемлекеттік емес бағалы қағаздармен жүзеге асырылады.»;

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«32. РЕПО операциялары шетелдік қаржы нарықтарында нарықтық құны операцияны жүзеге асыру сәтінде мәміле сомасының тиісінше 100 (бір жүз)

пайызынан және 102 (бір жүз екі) пайызынан төмен емес бағалы қағаздың және (немесе) эмитенттің рейтингтік бағасы «Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «А-»-тан төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар мемлекеттік және (немесе) корпоративтік бағалы қағаздармен жүзеге асырылады.».

2. Монетарлық операциялар департаменті (Н.А. Тұрсынханов) осы қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мүдделі бөлімшелеріне жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.М. Молдабековаға жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Ұлттық Банк**  
**Төрағасы**

**Е. Досаев**

Дұрыс:  
Бас маман-Басқарма хатшысы

Ж.Мұхамбетова